

**Мектепке дейінгі ұйымдарға 2022 жылдың мамыр айына мемлекеттік
білім беру тапсырысын орналастыру бойынша өткен комиссия
отырысының**

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Дәулет ауылдық округі

«27» мамыр 2022 ж.

Төрағалық еткен: Комиссия төрағасы – Б. Демократұлы

Қатыспағандар: Р.Дәрібаева -Атамекен ауылдық округі аппараты,
Е. Аманов- Мұнайлы ауданы әкімінің аппараты.

Шақырылғандар: комиссия мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Жаңадан ашылатын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурсқа қатысушы ұйымдарды анықтау және құжаттарын тексеру;

2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған орын саны мен балабақша тізімін бекіту туралы;

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша комиссия төрағасы Б. Демократұлы

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығын және мектепке дейінгі ұйымдарға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия отырысының алдын ала қарау хаттамасын басшылыққа ала отырып, комиссияға түскен өтініштер салынған конверттердегі құжаттармен танысу керектігін бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған «Сая» жекеменшік балабақшасы қосымша 30 орынға, «Мариям» жекеменшік балабақшасы қосымша 80 орынға, «Өмірзақ» жекеменшік балабақшасы қосымша 11 орынға, «Жанымай» жекеменшік балабақшасы қосымша 23 орынға өтініш бергендігін айтып өтті.

Комиссия мүшелері конкурсқа түскен Батыр ауылында орналасқан «Қазына» жекеменшік балабақшасының құжаттарын толықтай қарап, танысып шықты. Комиссия мүшелері жекеменшік балабақша құжаттарының толық екендігін ескеріп, «Қазына» балабақшасына - 72 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға жазған өтінішін қанағаттандыруға және бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы «Сая» жекеменшік балабақшасы қосымша 30 орынға, «Мариям» жекеменшік балабақшасы қосымша 80 орынға, «Өмірзақ» жекеменшік балабақшасы қосымша

11 орынға, «Жанымай» жекеменшік балабақшасы қосымша 23 орынға кеңейтуге бірауыздан келісті.

Комиссия мүшелері құжаттарды толықтай сараптап қарап, төмендегідей шешім шығарды.

Шешім:

1. Жеке кәсіпкерлерге:

- 1.1. Есепті әр айдың 21-25 аралығында нақты жасалған жұмыс көлемі туралы (қамтылған бала саны мен атқарылған іс-шаралар) актіні Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің есепшісіне тапсыру жүктелсін;
- 1.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын бала санына сәйкес, кезектегі 2-6 жастағы балалар балабақшаға аудандық білім бөлімінің жолдамасымен рәсімделсін;
- 1.3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер есебі білім бөліміне әр айдың 25-30 аралығынан кешіктірілмей тапсырылсын;
- 1.4. Балабақшаларда ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығын басшылыққа ала отырып, осы қағиданың 10 тармағының 6 тармақшасына сәйкес жеткізушінің алған міндеттемелеріне және ата-аналар төлемақысының мөлшері сақталсын;
- 1.5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңды, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығы басшылыққа алынсын;
- 1.6. Мектепке дейінгі ұйымдарда өрт қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынсын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

2. Білім бөліміне:

- 2.1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі

тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы басшылыққа алынып, комиссия отырысының шешімімен конкурсқа қатысқан «Қазына» - (72 орынға) жекеменшік балабақшасының құжаттарының толық екендігі ескеріліп, жеке кәсіпкердің алған міндеттемесіне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын балабақшалар тізбесіне **қ о с ы л с ы н:**

Батыр ауылы:

«Қазына» балабақшасы-72 орынға;

Қолданыстағы 45 орындық «Сая» балабақшасына қосымша – 30 орын, барлығы-75 орын; 60 орындық «Мариям» балабақшасына қосымша – 80 орын, барлығы-140 орын;

Атамекен ауылы:

Қолданыстағы 60 орындық «Өмірзақ» жекеменшік балабақшасына қосымша 11 орын, барлығы-71 орын.

Маңғыстау ауылы:

Қолданыстағы 140 орындық «Жанымай» жекеменшік балабақшасына қосымша 23 орын, барлығы-163 орын.

2.2. Барлық балабақшалардың жасаған нақты актісіне сәйкес, білім бөлімінің жолдамасы арқылы, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жеке кәсіпкермен келісім шартқа отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған балабақшаларға ата-аналар төлемақысының мөлшері сақталуы қадағалансын;

2.3. Мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалар құрамының кезек тізімін басшылыққа ала отырып топтастырылуы және жолдамамен баруы қадағалансын;

2.4. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері (2-6 жас), балабақшаға қатынасы, қозғалысы қатаң бақылауға алынсын;

2.5. Мектепке дейінгі мекемелердің мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қаржылық есебі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жоспарлау мен қаржыландыру тәртібіне Әдістемелік нұсқаулық туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 және 597 бұйрығын басшылыққа ала отырып қабылдансын;

2.6. Білім бөлімі тарапынан қажетті мамандармен қамтамасыз етілсін. Мамандарға уақытылы әдістемелік көмек көрсетіліп, мамандардың біліктілік арттыру курстарынан өтуіне жағдай жасалып, санаттарын көтеру жұмыстары жүргізілсін;

2.7. Мемлекеттік білім беру тапсырысы төмендегі жекеменшік балабақшалар тізімі бойынша 2022 жылдың маусым айынынан бастап орналастырылсын:

1. «Қазына» балабақшасы-72 орын;
2. «Сая» балабақшасы – 75 орын;
3. «Мариям» балабақшасы – 140 орын;
4. «Өмірзақ» балабақшасы -71 орын;
5. «Жанымай» балабақшасы-163 орын.

Комиссия төрағасы:

Комиссия хатшысы



Б. Демократұлы

Ш. Избасарова

Комиссия мүшелері

Аманжол Рамабаев Р.Т.
(қолы) Т.А.Ә

Б. Бурганбаев С.И.
(қолы) Т.А.Ә

А. Турсунбаева Т.Ч.
(қолы) Т.А.Ә

Турсунбаева Ж.М. Турсунбаева
(қолы) Т.А.Ә

Турсунбаева А.К. Турсунбаева
(қолы) Т.А.Ә

А.К. А.М. Каиржанова
(қолы) Т.А.Ә

А.М. А.А. Ермеков
(қолы) Т.А.Ә

(қолы) Т.А.Ә

(қолы) Т.А.Ә

(қолы) Т.А.Ә

(қолы) Т.А.Ә

(қолы) Т.А.Ә

(қолы) Т.А.Ә